

# Апамның жеңісі 75 менің жеңісім!



Менің ажом, оны мен апа дед ататынмын. Апаның (Әженің) баласы болу - ербір қара домалақ қазақ баласының болмысы. Апам мен менің арамыздығы туыстық байланыс ете назік орі берік болды. Бұл кісінің тәрбиесі арқылы жақсы-жаманды ажыратып, үлкен-кішіні таныдық. Мінез-құлық, тіл тәрбиесі, үй шаруасына бейімділік, елгезектік, тілапғыш, мейірімділік осы қасиеттерді сіңіріп, таптырмас тәрбие мектебінде естік. Бұл тәрбие мектебінің үлкен ұстазы талай тағдыр талқысын бастан кешкен менің апам - Ұлы Отан Соғысның ардагері Балабаева Қамария Садыққызы болатын.



Жеңіс күні - ең ұлы мереke. Биыл Ұлы Отан Соғысның аяқталғанынан - 75 жыл толып отыр. Апам 1924 жылы Қостанай облысы, Аманкелді ауданындағы № 5 ауылында дүниеге келген. 1942 жылы қазан айында Аманкелді аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге алынып, бір жыл Орск қаласында дайындықта болып, 1943 жылы Украина майданына аттанған. Осылайша 18 жастагы қазақ, қызы ез еркімен майданға аттанып, жауынгер аттанған. Соғыс аяқталғаннан кейін қираган елді мекендерді тазарту жұмыстарына қалдырылып, 1946 жылдың желтоқсан айында елге оралған. Женісті де, кейінгі бейбіт омірді де көріп, соғыстан кейін күйрекен шаруашылықты қалпына келтіруге тер токкен. Ел басына күн тутан қызын-қыстау күндерде олар азамат жүргін арқалап,

уақыт сыйынан, тарих талқысынан сүрінбей етіп, бытырлық пән табандылықты, Отанға шекіз берілгендейтің жарқын улгілерін көрсетті. Апам осы бытырлығы мен табандылығының арқасында II дарежелі Отан соғысы ордені, «1941-1945 жылдардагы Ұлы Отан соғыссында Германияны жеңгені үшін» медалі және КР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2010 жылғы 30 сауірдеңі жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен және жеті мерекелік медальдағы мен наградадаған.

Ардагер аталарамыз бер апаларамыздың арқасында біз бүтін бейбіт аспан астында өмір сурудеміз, қуатты мемлекет құрудамыз және болашаққа сеніммен қараймыз... Сол кезде болған жеңіс және біздің қазіргі жетістік теріміз бір-бірімен тікелей байланысты.

Үрпақ үшін қан токкен аталарамыз бер апаларамыздың Жандары мәңгілік жаһнната болсын, Аманаттарын Перзенттері бұлжыттай орындайтын иман берсін!

М. ҚОРАБАЕВ,  
Арқалық қалалық сотының  
кейде менгерушісі.